

## Республикалық судан құтқару қызметі орталығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 шілде N 890

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541\_ Жарлығына сәйкес және азаматтардың су айдындарындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасы судан құтқару қоғамының құрамынан мемлекеттік судан құтқару қызметі бөлініп шығарылсын және оның базасында мемлекеттік мекеме - Республикалық судан құтқару қызметі орталығы (Сукұтқару орталығы) құрылсын.

2. Республикалық судан құтқару қызметі орталығы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің ведомстволық бағынысындағы ұйымы болып есептелсін.

Республикалық судан құтқару қызметі орталығы өз қызметін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті жүктеген өкілеттік шегінде жүзеге асырады және жедел басқару құқығында мемлекеттік мүлікке ие болады.

3. Республикалық судан құтқару қызметі орталығы жүйесіне судан құтқару қызметі (облыстық және қалалық), олардың бағынысындағы кәсіпорындар мен ұйымдар кіреді.

Республикалық судан құтқару қызметі орталығы қызметкерлерінің саны 12 адам болып белгіленсін және соған сәйкес "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1820 P951820\_ қаулысында көзделген Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның бағынысындағы ұйымдардың аймақтық органдары қызметкерлерінің штаттық санына енгізілсін (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 39, 501-бап).

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті Республика судан құтқару қоғамынан ведомстволық бағынысындағы ұйымдарды, штат санын, жалақы қорын, қызметтік үй-жайларды, көлік құралдарын және мемлекеттік судан құтқару қызметіне қатысты өзге де мүліктерді қабылдап алсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстанның судан құтқару қызметінің мемлекеттік мүлкін жедел басқару құқығын берсін, Республикалық судан құтқару қызметі орталығын орналастыру мәселелерін шешсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Республикалық судан құтқару қызметі орталығының шығыстарын қаржыландыруды 1996 жылдың республикалық бюджетінде адамдарды судан құтқару жөніндегі шараларға арналып көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті арқылы жүзеге асырсын.

Республикалық судан құтқару қызметі орталығын ұстауға арналған шығыстарды жергілікті бюджет есебінен қаржыландырудың қолданылып жүрген тәртібі сақталсын.

7. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде Республикалық судан құтқару қызметі туралы ережені әзірлесін және бекітсін.

8. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері қолда бар штат

пен жалақы қорының шегінде жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен судан құтқару қызметін құрсын, сондай-ақ қалалар мен аудан орталықтарында судан құтқару қызметі қызметкерлерінің штаттық лауазымдарын енгізісін.

9. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 жылғы 6 тамыздағы N 690 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары